**Автор**: Жәлімбет Айсәуле Жақсыбергенқызы
**Пән**: Өзін-өзі тану
**Сынып**: 1-сынып
**Бөлім**: Ғасырлар даналығы
**Тақырып**: Ақиқатты жолға алып, адалдықпен өмір бастаймыз!

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.Адалдық адамның маңызды қасиеті екенін түсіндіру.<br>2.Шындықты айту оңай, ал өтірік айту қиын екенін ажырата білу. |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлығы:**Жаңа білімді түсінеді.<br>**Көбі:** Анық сөйлеу арқылы, тақырыпты талқылайды.<br>**Кейбірі:** Анық және толық сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсетеді. |
| Құндылықтарды дарыту: | Ақиқат |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Видео ролик слайд көрсету |
| Пәнаралық байланыс: | қазақ әдебиеті,математика,қазақ тілі |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (10 мин) | **1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>5 Т – ережесі:<br>1. Тәртіп.<br>2. Талап.<br>3. Тыныштық.<br>4. Тазалық.<br>5. Татулық.<br>Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып - білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік.<br>**Берілген өлеңді түрлі эмоциямен айту.** (көңілді, көңілсіз, ашулы)<br>Бірінші күн- дүйсенбі<br>Екінші күн – сейсенбі<br>Үшінші күн – сәрсенбі<br>Төртінші күн — бейсенбі<br>Бесінші күн — жұма Алтыншы күн- сенбі<br>Жетінші күн- жексенбі. Сабақ мақсаттарымен оқушыларды таныстырып өту. | **Сызба парақшалары.** |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(20) | **Жаңа сабақты түсіндіру**<br>Ақиқатты жолға алып, адалдықпен өмір бастаймыз!<br>Елеместің адамгершілігі. Түсіндіру.<br>Сұраққа жауап беріңдер:<br>1.Қарт Елемеске қандай кеңес берді?<br>2.Елеместің өмірі қалай жалғасты?<br>3.Елемес қандай адам?<br>4.Оның адалдығын қандай істен көруге болады?<br>5.Адал болу үшін не қажет?(Барлығы мәтін бойынша сұраққа жауап береді)<br>**Ар ұждан, адалдық туралы даналық сөздер**<br>Өлімнен ұят күшті.<br>Ерді - намыс өлтірер, қоянды - қамыс өлтірер.<br>Жарлы болма, арлы бол.<br>**3-тапсырма. Көп нүктенің орына қажетті сөздерді қойып айтыңдар.(көпшілігі)**<br>**Қажетті сөздер:** ақиқат, адалдық, әділдік,шындық,батылдық.<br>1.Аюға бал керек,ал саған ше? Маған ... керек.<br>2.Ақ тиынға жаңғақ керек, ал саған ше? Маған ... керек.<br>3.Балыққа жем керек,ал саған ше? Маған... керек.<br>4.Қоянға сәбіз керек Маған ... керек<br>5.Құмысқаға дән керек<br>Маған ... керек.<br>СЕРГІТУ СӘТІ.<br>Еркін ұста денеңді,<br>Тарсылдатпай еденді<br>Орнымыздан тұрып ап<br>Жүгірейік бір уақ.<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш.<br>Аяқты алға созайық<br>Тік көтеріп, қозғайық.<br>Тым сылбыр да болмайық<br>Алға қарай озбайық.<br>Бір, екі, үші, бір, екі, үш.<br>**Жұмбақ шешіп, демалайық!**<br>Ызақор бұғып жатыр<br>, Сақалы шығып жатыр.<br>**(жуа)**<br>Қалың киім ұнатады<br>Шешіндірсең жылатады.<br>**(жуа)**<br>Бұл не деген көп киім, жетпіс қабат көп киім.<br>Жаңбыр одан өтпейді, қабат-қабат тоны бар, түймелеуге жетпейді.<br>**(орамжапырақ)**<br>Үстіне тігіп көк шатыр,<br>Астында қызыл дәу жатыр **(қызылша)**<br>**(Жұмбақты кейбіреуі шеше алады)** | **Сергіту сәті Сұрақ парақшалары.**<br><br>**Оқулық, дәптерлер.** |
| Сабақтың соңы<br>(7 мин) | Бүгінгі сабақта болғ ан көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау.<br>Image not found or type unknown<br> | Смайликтер |
| Рефлексия<br>(3 мин) | "Ыстық орындық" әдісі, "Бес бармақ" әдісі | |